



Тұрсынхан Зәкенұлы

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Шығыстану кафедрасының профессоры, т.г.д.

ТАРИХШЫ СУ БЭЙХАЙ ЖӘНЕ ОНЫҢ «ҚАЗАҚТЫҢ ЖАЛПЫ ТАРИХЫ» АТТЫ ҚОЛЖАЗБАСЫ

Мақалада тарихшы Су Бэйхайдың қаламынан туындаған енбектердегі казак халқының жалпы тарихы туралы баяндалады.

Түйін сөздер: Су Бэйхай, Синьцзян, Қазақтың жалпы тарихы, Ұлы дағаның жеті қыры.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті шығыстану кафедрасы мен «Отырар кітапханасы»ғылыми орталығы бүгінде мемлекеттік тапсырыс аясында Қытай тарихшысы Су Бэйхайдың «Қазақтың жалпы тарихы» атты колжазбасын аудару және тарихнамалық, деректанулық тұрғыдан зерттеу жұмыстарымен айналысада. Бас-аяғы 4 үлкен томнан тұратын бұл іргелі енбекте қазак тарихының ерте заманнан казіргі заманға дейінгі бүтін кезеңі туралы зерттеу жасалған.

Біз колжазбаның мазмұны мен мәнін, зерттеу методологиясы мен автордың өзіндік концепциясын сөз етпес бұрын, ғалымның қысқаша өмір тарихына, оның осы тақырыпка қалай келгеніне токтала кетеімік.

Су Бэйхай (1915-1999), ұлты – қытай. Бұрынғы аты Ван Жэнъянъ, қалам аты Цзян Жунцзян. КХР Цзянси провинциясының У-си ауданында туған. 1937 жылы Цзянсу педагогикалық институтының тарих факультетін бітірген. Кейін, Ганьсу провинциясының У-вэй педагогикалық училищесінде тарих оқытушысы, Синьцзян институты әдебиет-тарих факультетінін

доценті болды. 1949 жылдан соң, ККПСинцзян бюросының зерттеу орталығында зерттеуші, Синьцзян халық баспасында редактор, Синьцзян университеті тарих факультетінде доцент, профессор міндетін аткарды. «Хан дәуіріндегі үйсіндердің коныстанған аймағы» (1984), «Синьцзян торғауыт монголдарының коғамдық тарихын тексеру» (1986), «Тан дәуіріндегі Тази елі және Тази тенізі туралы зерттеу» (1988), «Батыс өнірдің тарихи-жағрафиясы» (1988), «Қазақ мәдениетінің тарихы» (1989), «Синьцзян петроглифтері» (1994), «Жіөк жолы және Күсән» (2009) катарлы монографиялардың авторы.

«Қазақтың жалпы тарихы» деп аталатын бұл енбегін ол 1987 жылы жазып аяқтады. Осыншама іргелі енбекті жазуына тұртқы болған оның жас кезінен қазактар арасында қызметте болып, қазак өмірімен жақыннан танысуы болды. 1940 жылы ол Гансу провинциясының Анси ауданында тұрған кезде Ганьсу, Цинхай өлкелеріне сергелден болып ауып барған қазактардың арасында болып, далалық тексеріп-зерттеу жұмыстарын жүргізді. Сол кезде-ақ, ол қазак деген халықтың өзгеге ұқсамайтын ұлттық

ҰЛТ МИРАСТАРЫ МЕН ДЕРЕКТЕРІ

болмысына, ерік-жігері мен салт-дәстүріне тәніті болды. Гоминдан үкіметінің жергілікті қызметін істей жүріп, ол казактар туралы алғашкы макаласын 40-жылдардың бас кезінде жазды. 1945 жылы кантар айында, ол Синьцзянға жұмысын алмастырып келгеннен кейін де көп мәрте Еренкабырға (Тянь-Шань) тауынын койны-конышында отырған казак ауылдарын аралап, казактармен бірге тұрып, бірге енбек етіп, дәстүр-салтын, тарихын зерттеді. Сол негізде 1950 жылдардың басында 300 мын иероглифтен тұратын «Қазактың қыскаша тарихын» жазып шықты. Бірақ жалғыз нұсқадан тұратын бұл колжазба енбегі түрлі саяси науқандардың кезінде колдан-колға өтіп жүріп, жоғалып кетті. «Мәдени төңкеріс» кезінде құғын-сұргін көрген автор, 1979 жылы Синьцзян университетінің тарих факультетіне кайта оралып, 1983 жылдан бастап осынау миллион иероглифтен тұратын көлемді зерттеу енбегін жазуға кірісті. Кітап, 1987 жылы жазылып біткеннен кейін, сол кездегі ҚКП СУАР Партияны хатшысының орынбасары Ж.Сымагұлұлының барынша колдауымен СУАР қоғамдық ғылымдар академиясының аға зерттеушісі, казак тарих ғылымының ардагері Нығмет Мыңжанидін басшылығында Ж.Жұнісұлы, Н.Мұхаметханұлы мүше болған мамандар тобы жасакталып, төрт ай уақыт жұмсал, тұтас енбекке сараптама жүргізеді. Сараптамадан соң, Синьцзян университетінде автордың қатысуымен семинария өтіп, онда колжазбаның сәтті шыккан жұмыс екені, жоғары ғылыми өреде орындалғаны әрі ертерек басып шығару кажеттілігі атап көрсетілді. Сонымен бірге, кей ескертпелер де берілді, құзіретті орындарға хат жазылды. Кейін, профессор Су Бэйхай айтылған ескертпелер бойынша түзетулер енгізді. Сол негізде, ол «Қазак мәдениетінің тарихы» (哈萨克族文化史) деп аталатын енбегін де дүниеге әкелді. 1990 жылы жарық көрген бұл енбегі елдің іші-сыртындағы ғылыми

көпшіліктің жақсы бағасын алып, казак жұртшылығының алғысына бөленді. Автор, осы және өзге де екі бірдей зерттеу енбегі үшін 1992 жылы «Мемлекеттік ерекше енбек сінірген маман» атағын алып, ғұмырлық «Мемлекеттік ерекше стипендияға» не болды². Оның бұл кітабы Қазакстанда Т.Зәкенұлының алғысөзі және аудармасымен 2001 және 2015 жылдары Алматыдағы «Дәуір» баспасынан жарық көрді³. Ал, ғалымның «Қазактың жалпы тарихы»⁴ атты енбегін Қытайдағы мемлекеттік цензура өткізбеді, Қытай билігі азшылық ұлт болып табылатын казактардың тарихына арналған мұндай іргелі енбектің шығуын каламады. Расында, бұдан бұрын Қытайдағы ешбір азшылық ұлттың тарихы туралы мұндай төрт томдық көлемді енбек жазылмаған болатын. Синьцзяндағы титулды ұлт есептелеңін ұйғырлардың да тарихы мұндай деңгейде жазылған жок-ты. Нәтижесінде, автордың казак тарихы туралы жазған бұл әйгілі енбегіне тыым салынып, сол беті жарық көрмей калды. Автор сонын кесірінен ішкүста болып дүниеден өтті.

Бірақ, аталмыш енбектің казак тарихнамасы үшін мән-манзызын ескере отырып, Қытайдағы СУАР қоғамдық ғылымдар академиясының академигі, тарихшы ғалым Жакып Мырзаханұлы, СУАР оқу-ағарту департаментінің орынбасары С.Жанболатов сынды ғалымдар бұл кітаптың калайда жарық көруіне себепші болды. Осы аралықта аталмыш енбектің каракөк катты мұқабамен тысталып, такырыптары алтындей жарқыраған төрт томдық колжазба нұсқасы Қазакстандағы менін колыма келіп жетті. Артынша, Қазақстан Президенті Н.Назарбаев 1998 жылды «Халық бірлігі мен ұлттық тарих жылды» деп жариялады. Сол жылы шілде айында профессор Су Бэйхай дүниежүзі казактары қауымдастыры мен ҚР ҰҒА Ш.Ұәлиханов атындағы тарих және этнология институтының шакыруымен Қазақстанға сапарлап келді. Сапар аясында

Дүниежүзің казактары қауымдастығында кездесу болды. Кездесуде Дүниежүзің казактары қауымдастығы төрағасының сол кездегі орынбасары, жазушы Қ Найманбаев, КХР СУАР Коғамдық ғылымдар академиясының академигі Ж Мырзаханұлы, тарих ғылымдарының докторы, профессор Н Мұхаметханұлы және мен бірге болдым. Кездесу барысында профессор Су Бәйхай өзінің казак еліне келгендегі әсері және казак тарихын зерттеу бағытындағы талай жылғы енбегі туралы баяндап берді. Бұл кезде мен Қ Найманбаевтың тапсырмасымен ғалымның «Қазак мәдениетінің тарихы» атты енбегін казак тіліне аударып болып, баспаға беріп койған едім. Сондай-ақ, «Қазактың жалпы тарихының» алғашкы бөлімдерін аударып «Қазак тарихы» журналының 1998 жылғы № 2-3 санында жариялад үлгерген едім⁵. Профессор Су Бәйхай бұған катты қуанып, менен ендігі жерде кітапты толық аударып шығуымды өтінді, әрі бұдан алдын жиберген төрт томдық колжазбасының бірінші бетіне көлтаңба жазып берді. Дегенмен, төрт үлкен белімнен, миллион иероглифтен тұратын енбекті аударып шығу қыынның қыны еди. Аударма азабын былай койғанда, оны жарыққа шығарудың өзін үлкен проблемаболатын. Сол үшін әу баста, «Қазак тарихы» журналында кітапка таныстыру жазылып, үзінді берілді. Кейін, «Егемен Қазакстан» газетінің тілшісі Жаксыбай Самырят газеттің 2005 жылдың 23 акпан күнгі санында менімен «Аманат» деген атпен көлемді сұхбат жариялады⁶. Сұхбатта кітаптың авторы мен оның мазмұнына және біздің отандық тарих ғылымы үшін қаншалықты мән-манызға ие екеніне көнінен тоқталдық. Сұхбат газетте жарияланғаннан кейін, Қазақстанның Қытайдағы елшілігінен жігіттер хабарласты. Сол кездегі ҚР сыртқы істер министрі Қ К Токаев мырза менін атыма арнайы хат жазып, «Қазактың жалпы тарихы» атты төрт томдық зерттеу енбегімен казак елін қауыштыру жөніндегі ұстазының Су

Бәйхайдың өсiet еткен аманатын орындауға бағытталған адал ниетініз бен таудай талабынызға деген құрметімді көрсетіп, аккөnlіммен ризашылығымды білдіргім келеді,-дей келіп, бұлқітаптың казақжәнеорыс тілдерінде жарық көруіне жағдай туғызып, көмек беруге ниетті екенін жеткізді. Бұдан сонменің мойнымдағы жүк пен жауапкершілік тіpten ауырлай тұсті. Артынан министр Қ Токаев, ҚР Президентінің кенесшісі, Баспасөз хатшысы Мұхтар Құл-Мұхамед жеке-жеке Сыртқы істер министрлігіне және Ақ-Ордаға шакырып, бетпе-бет сұхбаттасып, кітаптың мазмұнымен танысканнан кейін, оның қазак тарихын зерттеуде айырықша манызға ие енбек екенін атап көрсетті, және жарық көруін барынша колдайтындықтарын білдірді. «Ештен де кеш жақсы» дегендей бірнеше рет мемлекеттік тапсырыска жоба ретінде ұсындым. Ақыры 2017 жылы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018-2020 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша гранттық қаржыландыруға арналған конкурсқа катысуға «Қытай тіліндегі Қазақстан тарихына катысты колжазбаларды жинақтау, жүйелеу және зерттеу: «Су Бәйхай «Қазактың жалпы тарихы» (4 томдық колжазба)» деген тақырыппен өтінім ұсынылып, мемлекет тарапынан колдауға ие болды.

Су Бәйхайдың атальмыш енбегінің қазак тарихнамасы үшін қаншалықты манызды екеніне тоқталатын болсак, ен әуелі оның қазак тарихының хронологиялық шенберін 2500 жылға дейін апарғанын айырықша атап өтуіміз керек. Автор тарихты Қазак жерінде б.д. VI-V ғасырларда пайда болған Сак мемлекетінен бастайды. Әрине, қазак жерінде оған дейін де тарих болған, оған дейін де адамзат өмір сүрген. Бірақ біз оны тек археологиялық деректер арқылы ғана дәлелдей аламыз. Бұл ғылымда көне және жана тас құралдар және кола дәуірі деп аталады

ҰЛТ МИРАСТАРЫ МЕН ДЕРЕКТЕРІ

Бірак заттай деректер ғана болғанымен, ол кездегі Казакстан жеріндегі этностардың саяси тарихын паш ететін дереккөздері жоктын касы болатын. Ал Су Бэйхай мырза бастауын Сак заманынан алып қарастыған казак тарихы батыс пен шығыстын сенімді жазба тарихына негізделген. Батыс деңгендеге Геродоттан ары ешкім жеріне жеткізіп айта алмасы белгілі. Шығыс деңгендеге бірден еске түсетіні Қытайдың көне тарихшысы Сы Мацянь мен Бан Гу. Бань Гудін «Хан кітабы» (Ханшу) атты енбекінде ен бірінші болып «Батыс өнірдегі» сактар туралы баяндайды. Геродот та «барлық скиф тайпалары сактар деп аталған⁸», – дейді. «Хан кітабы. Батыс өнір баянында» қытайдың ен алғаш батыс елдеріне сапар шеккен елшісі Чжан Цянь император Хан У-диге берген мәліметінде скифтерді сактар (塞人) деп көрсетеді. Кей ғалымдардың көрсетуінше ол бір ғана этностын емес, тұтас аймактын да аты болған⁹. Профессор Су Бэйхай бұл енбекінде ұлы иүзейлер мен үйсіндер Жетісуға коныс аударудан бұрын осында сактардың өмір сүргенін, олардың да тым ертеде Хэси дәлізі мен Хуанхэ колтығы (Ордос) жактан келгенін және осында ен алғашкы мемлекетті солар күрганын дәлелдейді. Бұл әрине, біздін заманымыздан бұрынғы V-VI ғасырлар кезі. Демек, сол кезден бастап казак жерінде алғашкы мемлекет пайда болған. Осы арада мына бір жағдайды да ескере кеткен жөн: Қытай ғалымы мемлекеттілік тарихын зерттеу бойынша өз елінде калыптаскан зерттеу әдісін, ғылыми-теориялық ұстанымдарды пайдаланып отыр. Накты айтканда, қытай тарихшылары қытай жерінде калыптаскан кез-келген мемлекетті мейлі ол таза хан ұлты (қытайлар) тарапынан құрылған немесе басқа да халықтар тарапынан құрылған болсын, егер олар казіргі қытай территориясында пайда болған болса, оның бәрін қытай мемлекеттілігін тарихи бастаулары ретінде карайды. Су Бэйхай мырза дәл осы ұстанымды казак тарихын, оның мемлекеттілік дәстүрін

зерттеуге пайдаланып отыр. Бір Су Бэйхай ғана емес, мұндаи ұстанымды Қытайдың өзге де ғалымдары төл зерттеулерінде пайдаланып келеді. Аталмыш енбектің басты ерекшелігі – Қытай тарихнамасындағы осындай зерттеу әдістерін казак тарихына колдануы. Бұл да болса казак тарихының әлемдік аренада қаншалық мән-манызға ие екенінің бір көрінісі.

Казакстан тарихшыларының атсалысуымен Казакстан үкіметі 2015 жылы Казак хандығына 500 жыл толғандығын салтанатпен тойлады. Тарихшылар «бұл жылды тек казак хандығына 500 жыл болғандыктан айрықша атап өтіп отырмыз», – десті. Бірак бұл жерде үлкен ұғым шатастығы пайда болды. Мәселе «хандық» және «казак» атауларына байланысты туындалы. Казак тарихындағы «хандық», «мемлекет», «кағанат» ұғымы XV ғасырдан бұрын да болған. Ал «казак» этнонимінекелетін болсак, осы атты өзбойына сінірген халық XV ғасырдан бұрын да халық ретінде өмір сүрген болатын. Сондыктан, Қазак хандығының тарихын 500 жылмен шектеу халық пен оның мемлекеттілігі тарихының аясын касакана тарылту болып көрінді. Сөйтіп, казак халқының XV ғасырга дейінгі мактандықта толы ұлан-гайыр тарихы ескерусız калды. Сол арқылы Қазак қоғамы өз ата-бабасының оған дейін 2000 жыл бойы осы далаға иелік етіп келгенине неміс қаралып кетті. Бұл шындал келгенде, Қазак жерінде ен алғаш құрылған Сак. Үйсін, Қанлы мемлекеттері мен Түркі, Туркеш және Карлук кағанаттарының, Каражаниттер мемлекетінің, Каракидан, Қыпшак, Жоши, Алтын Орда ұлыстарының тарихын жокка шығарумен бірдей еді. Бұл бізді ғана емес, қытай ғалымдарын да тан калдырды. Өйткені Қазак хандығының дамуы казак мемлекеттігі дамуының құрамдас бөлігі немесе оның белгілі бір кезеңі ғана. Қытайлар еш уақытта өз мемлекеттілігінің белгілі бір кезеңін беліп алып, соған жеке-дара маныз берген емес. Олар мемлекеттілік тарихын бүтін бір үдеріс

ретінде қарастырады. Мысалы, Ян Цзянсин казактың этникалық тегінін соншама күрделі екенін алға тарта отырып, б.д.д. IV –V ғасырларда Қазақстан мен Іле өлкесінде көптеген этностар, яғни сак, иузей, үйсін, ғұн, қанлы, батыс түркі тайпалары текстес көптеген этностар өмір сүрсе, XIII ғасырға келгенде монғолдар осы өнірді өздерінін саяси, экономикалық түрғыдан әрекет ету сахнасы етті, күні бүгінге дейін казактардың ішінде көптеген ру-тайпалар осы аталған этностарды өзінін ата-бабасы санайды. Бұл да болса осы аталған тайпалардың казак құрамын толықтырғанын көрсетеді¹⁰ десе, казак тарихын зерттеуші Ли Шэн казактың пайда болуы Орта Азиядағы түрлі этностардың өзара кіргігінін нәтижесі, ал казак халқын құраған этностардың тарихын тым ертеден бастап қарастыруға болады,- дей келіп, казак жерінде ен алғаш құрылған Үйсін, Қанлы, Алан (Яңыцай) мемлекеттерінін тарихына жеке-жеке токталады¹¹.

Демек, профессор Су Бэйхайдың «Қазактың жалпы тарихы» деп аталатын бұл енбегі жеке бір мемлекеттін – Қазақстанның тарихы емес, керінше сол мемлекетті пайда қылған тұрғылықты халықтың тарихы. Сол себептен, ол бүгінгі Қазақстан шегімен ғана шектеліп қалмайды. Онда шегараның сыртында қалған Қытай казактарының тарихы да сөз болады. Қазак тарихының ерте, ортағасыр кезеңіндегі саяси, экономикалық және мәдени дамуын зерделеуде Солтүстік Кавказ, Еділ мен Донның аралығынан бастап, шығыста Монгол үстіртіне, Хуанхэ бассейніне дейінгі ұлан-ғайыр кеңістіктегі түрлі оқиғалар мен этномәдени белгілер түгел қарастырылады. Яғни, казак тарихын айналадағы әлемдік тарихи даму үдерісі аясында, кең масштабта алып зерттейді. Бұл ете құптарлық жағдай. Себебі, белгілі бір ортадағы тарихи жағдаяттардың туылу, даму және шешім табу үдерісінде ішкі, сыртқы факторлар бірдей әсер етеді. Тек кана, тас құралдар дәуірін айтсак, Қазақстан мен оның айналасындағы өнірлердегі байырғы

құрал-жабдықтардың дамуына одан шалғай жаткан, бүгінде басқа мемлекеттердің жері болып табылатын аймактардағы мәдениеттің әсері айырықша болған. Сол себептен, автор Қазак жеріндегі көне тас құралдар дәуірін зерттегендеге онымен ежелден біртұтас этномәдени кеңістікке кіретін Мауреннахр, Каспий маны, Таулы Алтай, Енисей және Солтүстік-батыс Қытай(Шығыс Түркістан) өнірлеріндегі тас құралдар мәдениетімен байланыстыра карайды. Өзге де жер астынан қазып алынған археологиялық мұралар мен жартас суреттері (петроглифтер) туралы да соны айтуға болады. Ал, автордың ұғымындағы казак халқын құраған түрлі этностардың өмір сүрген ортасы да анағұрлым кен. Орта Азия мен Шығыс Түркістанның тарихи-географиясын зерттеген ғалым ретінде¹², оның казак тарихын осынау ұлан-ғайыр кеңістіктен алып қарастыруы барынша ғылыми манызға ие. Мұндай зерттеулер оның «Синцзяндағы петроглифтер»¹³ және «Қазақтың мәдениет тарихы» атты енбектерінде де көрініс табады.

Ендеше, бұл айтқандарымыздың бәрі елбасы Н.Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласындағы уақыт пен кеңістік ұғымына жатады. Қазак тарихының бастауларын біздін заманымыздан бұрынғы VI-IV ғасырлардағы Сак заманына дейін апарған сон, автор оны барынша кең географиялық кеңістіктен алып қарастырады. Әйткені, сол кезден бастап еуразиялық кеңістікте үш мәрте ұлттардың ірі коныс аударуы орын алды. Оның алғашкысы б.д.д. VIII-VII ғасырларда пайда болса, екіншісі б.д.д. II- б.д. I ғасырларына, соңғысы б.д. III-IV ғасырына тұра келеді. Алғашкысы армаспейлердің Кара теніз бойынан исседондарды ығыстыруынан басталған бұл үдеріс олардың Алтай тауына дейін жетуімен аяқталды. Геродоттың «Тарихында» айтылатын «аримаспилардың ар жағында алтынға табынатын грифондар», қытай ғалымы Ван Чжилайдың пікірінше, Зайсан көлінің жағасын мекендейтін жалғыз көзді

ҰЛТ МИРАСТАРЫ МЕН ДЕРЕКТЕРІ

аримаспылармен көрші тұратын Алтай тауындағы бір тайпаның аты. Гректер өз аныздарындағы арыстан денелі, бүркіт басты макұлықтың - грифонның образы арқылы оларды солай деп атаған¹⁴. Демек, Сак дәуіріне тән арыстан-грифон түріндегі көне мұралардың Алтайдан табылуы әste кездейсок болмаса керек. Халықтардың ұлы көшінің алғашқы толқыны батыстан шығыска қарай бағытталса, қалған екеуі шығыстан батыска қарай бағытталған. Яғни ата-бабаларымыз батыстан шығыска қарай барып, кейін шығыстан батыска қарай кайта коныс аударған. Ендеше, Су Бэйхай мырзаның казак тарихының бір бастауын Хэси дәлізін, Хуанхэнің теріскейін мекендерген ежелгі этностардан бастауы бекер емес.

Қытайдың ең алғашкы орталықтанған Цинь патшалығы кезінде император Цинь Шихуан түпкі тегі бөтен тұрандықтармен шешуші шайкаска шығып, оларды Ордостан қызып шығып, Ұлы қамал құрылышын кешенді түрде колға алды. Міне, осы кезден бастап Қытай деректерінде рон, ди немесе ху деп әр түрлі айтылып жүрген этностар мен хандықтар (таза қытай этносы) арасында жұздеген жылдарға созылған жауластық басталды. Сөйтіп, бір бөлім тұрандықтар Хуанхэ бассейні мен Хэси дәлізіндегі қызықы коныстарынан баз кешіп, батыска қарай жылжыды. Су Бэйхайдың зерттеуінше, бір ғана Хэси дәлізінен алдымен сайчжуандер (сактар), одан соң иузейлер, одан соң үйсіндер, ең сонынан ғұндар батыска жылжып, Орта Азияға, Қазак даласына келген. Бірак бұдан Қазак даласындағы көне этностардың бәрі шығыстан келген деген ұғым тұмаса керек. Тұрандықтардың байырғы Отаны – Қазак даласы ол кезде иен жаткан жок еді. Профессор Су Бэйхай көне жана тас құралдар дәуіріне тән көптеген археологиялық ескерткіштер мен жартас суреттеріне (петроглифтерге), тарихи деректерге негізделіп, осы өлкеде байырғы этностардың өмір сургенін, сүріп кана қоймай, өз заманына тән мемлекеттіліктің биік деңгейінде тұрғанын дәлелдейді.

Автор сактардың мемлекет ретінде өмір сургенін айтып кана қоймай, олардың қоғамдық жағдайына, шаруашылығы мен

мәдениетіне, коршаған ортамен байланысына, алтынға деген құштарлығы мен құрметіне токталады. Қыскасы, Сак дәуірін толықканды қоғамның, мемлекеттің калыптасуы әрі ояну мен дәуірлеудің басы ретінде карастырады. Бұдан соң автор ұлы иузейлердің, үйсіндердің, қанлылардың, Батыс Түркі қағанатының құрамындағы он оқтардың, түркештер мен карлұқтардың, ортағасырлық керей, найман, жалайыр, меркіт, конырат, арғын, алан (асу), қыпшак, уак этностарының мемлекеттілік дәстүрлерін, билік иерархиясын, карулы құштерін, шет-шекарасын, сыртпен байланысын және шаруашылық, мәдени-рухани дамуын зерттеп-зерделейді. Бұдан соң, Қазак жеріндегі Шыңғыс әүлеттерінің тарихына, олардың Қазак мемлекеттілігімен байланысына, Құблай ханының кезінде Ішкі Қытайға дейін барған казак рутайпаларынан шықкан көрнекті мемлекет және қоғам кайраткерлеріне, әскер басылары мен уәзірлерге, акындар мен хаткерлерге, тарихшыларға токталады. Тұтас Алтын Орда, Ак Орда және Сібір хандығын казак тарихының аясында карастырады. Кейінгі Қазак хандығын калыптастырган этностың бұдан 2 мын жыл бойы осы территорияда өмір сүріп келген байырғы халық екеніне, әрі «қазак» этнонимінің сол байырғы халықтың жана тарихи кезендегі жанаша атавы ғана екеніне мензейді.

Автор Алтын Ордадан соңғы Әбліхайыр ұлысы туралы токталғанда, оны Өзбек хандығы деп атауға үзілді-кесілді карсы шығады. Шағатай хандығы құрамындағы халықтардың негізінен казактың ұлы жұт тайпалары екенін, олардың бәрі Дулат деген ортакатпен хандықтың саяси өміріндешешуші рол атқарғанын, тіпті саяси шешімдеріне дейін әсер етіп отырғанын жазады. Демек, Шағатай хандығының, кейін Моголстан деген атпен аталған оның шығыс бөлігінің тарихы еш уақытта да казак тарихынан бөлек қалған емес. 1465 жылды Жәнібек пен Керей Шу бойында Қазак хандығын құрган кезде де Моголстанның оны колдауы әste кездейсок шешім емес еді.

Кітапта XV-XIX ғасырлар аралығындағы Қазак хандығының тарихына айрықша орын

берілген. Мұнда Қазак хандығының құрылуы мен дамуы, Жонғар шапқыншылығы, Цин және Ресей империяларының Қазак жеріне көз тігі, Қазак жерінің аталған екі империяның талас аймағына айналуы, Қазак хандығының күйреуі және Ресей мен Циннің шекара келіссөздері, акыр сонында казактардың екі елге бөлініп коныстануы, қытайдағы казак ирриденттерінің қалыптасуы т.б. мәселелер көнінен қарастырылған.

Әсіреле, атальыш енбектін 1864 жылғы шекара келісімінен кейінгі кездегі Ман-Цин империясына, кейін Қытайға караған қазактардың тарихы туралы төртінші бөлімі (IV томы) ондағы казактардың қалыптасуы мен дамуын, коғамдық-саяси жағдайын, шаруашылығы мен мәдениетін және тұрмыс-салтын зерттеуде айырықша маңызға ие.

Демек, Қазак хандығының тарихы туралы қытай және манжу тілді деректер XVIII ғасырдың екінші жартысынан, яғни Жонғар хандығы мен Манжу-Цин империясы арасындағы қатынас шиленіскең кезден бастап көзге түседі. Одан бұрын Мин және Цин әулетінің Орта Азиямен белгілі қарым-қатынасы болғанымен, қазактарға қатысты деректер біз ойлағандай тым көп деп айта алмаймыз. Дегенмен, колда бар деректер мен қытай ғалымдарының зерттеу енбектерін ғылыми айналымға ендіру үшін, оған тиянекты әрі жан-жакты катан деректанулық және тарихнамалық сын және сараптама қажет.

Су Бэйхайдың кітабын оқып отырып қытай тарихшыларының қазак тарихы туралы пікірінде кейіркайта карауғатиісті тұстардың бар екеніне көз жеткіземіз. Сонымен бірге, қазак тарихының өзіне де жанаша көзкарас, әдіснама және терен пайым керек екенін сезініміз. Бұл, әрине, ұлт пен мемлекеттік дәстүрдің қалыптасуы мен дамуына, Қазак елінің айналадағы елдермен саяси, экономикалық және мәдени байланысына, отарлану мен отаршылдықка карсы құресіне, мемлекеттік жүйе мен ұлттық сананың даму тарихына, ұлттың өзіндік ғылыми ой-санасы

мен мәдениетінің дамуына т.б. қатысты.

Бірден кесіп айтуға тиіспіз, профессор Су Бэйхайдың «Қазактың жалпы тарихы» атты енбегі бір ғана автордың қазактың ұлан-ғайыр тарихы туралы жеке зерттеу енбегі. Сол себептен онда ғылыми-зерттеу жұмысының барлық параметрлері бойыншакемшіліктердің болуы табиғи. Біз колжазбаның кемшін тұстарын бүркемелеуден немесе орынсыз мадақтап көкке көтеруден аулакпзыз. Кітапқа автордың өмір сүрген ортасы, уақыты, алған тәрбиесі мен сол ортаға сай қалыптасқан дүниетанымы барынша әсер еткен. Коммунистік Қытайдың катал цензурасы жағдайында жеке бір ұлттың тарихын жазып шығу аса үлкен саяси сактықты қажет ететінде түсінікті. Соған карамастан, оның қазак деген халықтың тарихына осыншама күш-қуатын сарп еткені тан калдырады.

Бір ескеретін жағдай, бұл жұмыс жалан аударма ғана емес, кешенді зерттеуге жатады. Олай болатыны, кітаптағы көптеген тарихи-географиялық атаулар мен сөз колданыстарына, автордың жекелеген ұстанымдарына жеке-жеке тоқталып, түсініп берілмейінше оқырманның оны түсініп окуы немесе дұрыс қабылдауы екіталаі еді. Сондыктан ол Қытай ғалымының қазак тарихына қатысты колжазбасын жинап, сактау, реттеу, жүйелеу, зерттеу деп аталағын тұтас кешенді жұмыстың ортак нәтижесі болып табылады. Біз зерттеушілердің түпнұсқамен салыстырып пайдалануы үшін, аударманы колжазба нұсқасының факсимилесін коса бергенді жөн деп таптық. Аударма барысында мәтіннің сөз-сөйлемдерінін, берілген мағынаның түпнұсқадан ауытқымай, толық аударылуы камтамасыз етілді, абзацтардың орны мен реті, автордың стилі қатаң сакталды.

Жалпы алғанда, бұл енбек ен әуелі қазак тарихын зерттеумен айналысатын ғалымдардың, ғылыми көпшіліктің пайдалануына, олардың қытай ғалымдарының қазак тарихы туралы зерттеу адістері мен ғылыми көзқарастарымен танысуына арналған.

ULY DALA MURASY

QOLJAZBALAR JÁNE SIREK KITAPTAR ULTTYQ ORTALYGY

